

2008 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 Қаулысы (үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Мыналардың :
14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2008 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қызметтік қолдану үшін

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2007 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1 2 2 4 қ а у л ы с ы н а

14-ҚОСЫМША

РҚАО-ның ескертуі. "Қызметтік қолдану үшін" белгісімен Қаулы Деректер базасына енгізілмейді.

Ескерту. 14-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 , 2008.11.12. N 581д Қаулыларымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2007 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1 2 2 4 қ а у л ы с ы н а

15-ҚОСЫМША

201 - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Елдің қоғамдық тәртіп саласындағы саяси мүдделерін қамтамасыз ету"

деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 8336 мың теңге (сегіз миллион үш жүз отыз алты мың теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2008.11.12. N 581д

Қ а у л ы с ы м е н .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Т.А. Төлеубаев туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 маусымдағы N 608 қаулысы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкіметтері басшылары кеңесінің 2005 жылғы 25 қарашадағы шешімімен бекітілген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер аумағындағы ұйымдасқан қылмысқа және қылмыстың басқа да қауіпті түрлеріне қарсы күресті үйлестіру жөніндегі бюро туралы ереже.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : халықаралық және трансұлтты қылмысқа қ а р с ы к ү р е с .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : қылмысқа қарсы күресте ынтымақтастықты дамыту және бір ақпараттық кеңістік құру мақсатында Интерполмен байланыс ұстауды қамтамасыз ету, сондай-ақ барлық әлемдегі қылмыстық полицияның ұлттық органдары арасындағы өзара қарым-қатынас деңгейіне байланысты болатын халықаралық қылмыспен ең тиімді күрес жүргізуді қамтамасыз ету үшін, әсіресе оның ұйымдастырылған түрлерімен, оның ішінде ылаңкестік және есірткі бизнесіне қарсы тиімді күрес жүргізу үшін ақпараттық қамтамасыз ету. Интерполдың басқа да қатысушы-мемлекеттерінің өкілдерімен халықаралық қылмыс мәселелері бойынша ж е д е л ы н т ы м а қ т а с т ы қ қ ұ р у .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	002		Елдің қоғамдық тәртіп саласындағы саяси мүдделерін қамтамасыз ету	Халықаралық қылмыспен тиімді күрес жүргізу мақсатында ақпараттық қамтамасыз ету үшін 1 адам. Мәскеу қаласында Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күресті үйлестіру бюросының қызметкеріне тұрғын үй-жайды жалдауға ақы төлеу жөніндегі шығыстар. Лион қаласындағы (Франция) Интерполдың Бас	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Ішкі

				Хатшылығындағы Қазақстан Республикасының өкілі-байланыс офицерін ұстау жөніндегі шығыстар.		істер министрлігі
--	--	--	--	---	--	----------------------

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже: Интерпол каналдары бойынша халықаралық іздеуге жар салған адамдар саны - жыл бойы 100 адамнан кем емес; Интерпол тарапы бойынша халықаралық іздеуде болған адамдардың ұсталған саны - жыл бойы 25 адамнан кем емес.

Түпкі нәтиже: Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарын тергеу, жедел, ғылыми-практикалық және анықтама-аналитикалық ақпаратпен қамтамасыз ету; Интерполдың мүшелері болып табылатын шет ел мемлекеттерінің құқық қорғау органдарына жіберілген сұратулар мен ақпаратты жеткізуді қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасының қылмыстық істер және экстрадициялар бойынша құқықтық көмек туралы келісім-шарт жасалмаған мемлекеттермен мәселелерді шешу.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: Интерполдың Бас Хатшылығында Қазақстан Республикасының өкілін ұстау үшін бөлінген лимит шегінде шығындалатын шығыстар.

Уақтылығы: ақпаратпен уақтылы қамтамасыз етіп отыру, Интерполдың басқа қатысушы-мемлекеттерінің өкілдерімен халықаралық қылмыс мәселелері бойынша жедел ынтымақтастық құру.

Сапасы: жедел-іздістіру қызметі саласында халықаралық ынтымақтастықты бекіту.

Қызметтік қолдану үшін

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2007 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1224 қаулысына

16-ҚОСЫМША

РҚАО-ның ескертуі. "Қызметтік қолдану үшін" белгісімен Қаулы Деректер базасына енгізілмейді.

Ескерту. 16-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулыларымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2007 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1224 қаулысына

17-ҚОСЫМША

201 - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Арнайы және әскери тасымалдар"
деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның
ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 127916 мың теңге (бір жүз жиырма жеті миллион тоғыз жүз он алты мың теңге) .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12 N 581д Қаулысымен.

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері туралы" Қазақстан Республикасы 1992 жылғы 23 маусымдағы Заңы , "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасы 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңының 5 - 1 , 10 - баптары .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : министрліктің және әскери бөлімдердің жеке құрамының әскери және арнайы жүктері, арнайы контингенттерінің қозғалысын тәуліктік бақылауға алуды, эшелондардың және басқа да есептегі бірліктердің тез жүруін қамтамасыз ету .

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : министрліктің және әскери бөлімдердің жеке құрамының арнайы контингенті мен арнайы жүктерін тасымалдау бойынша жоспарланған іс-шараларды бұзуға жол бермеу, азаматтардың қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету үшін теміржол көлігімен әскери және арнайы тасымалдауларды ұйымдастыру және жедел басқару; арнайы контингентті жазасын өтеу орындарына тасымалдау жөніндегі соттардың қаулыларын орындау.

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

N р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	004		Арнайы және әскери тасымалдар	Арнайы контингент пен арнайы жүктерді және тағы басқа да тасымалдарды тасымалдау бойынша көлік қызметтерін төлеу. Арнайы	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі

			әскери тасымалдар қызметтері үшін үй-жайларды жалға алу; байланыс және жолаушы поездарында орындарды броньдау бойынша қызметтерді төлеу. Жылжымалы командалық пункт-вагонға техникалық қызмет көрсету.	әскерлер комитеті, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлер комитетінің бөлімдерін қосу
--	--	--	--	---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже: арнайы контингентті, жүктерді және басқа да тасымалдарды тасымалдау бойынша атқарылатын рейстер саны - 366 рейс; вагон саны - 14.

Түпкі нәтиже: арнайы контингентті және арнайы жүктерді тасымалдауды тәулік бақылауды орындау.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: бір арнайы вагонды бір тәулікке жалға алу бағасы - 28,3 мың теңге.

Уақтылығы: мемлекеттік әскери тасымалдаулар қозғалысы орындалуына қауіпсіздік графигін орындау, арнайы контингенттің қылмыстық-атқару заңнамасының талаптарына сәйкес жеткізілуін қамтамасыз ету.

Сапасы: арнайы контингент пен жүктердің белгіленген орнына жеткізілуі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына

18-ҚОСЫМША

201 - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Ақпараттық жүйені дамыту"

деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 287536 мың теңге (екі жүз сексен жеті миллион бес жүз отыз алты мың теңге) .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі , "Мемлекет басшысының 2005-2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 қаулысының 186-тармағы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: толығымен жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесін және қоғамдық қауіпсіздікті жетілдіру, жолда құқық бұзушыларға қарсы күрес тиімділігін арттыру және оның алдын алу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: жолдарда болатын әкімшілік құқық бұзушылық туралы, сондай-ақ оны жасаған адамдар туралы барлық ақпаратты о р т а л ы қ т а н д ы р у .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	006		Ақпараттық жүйені дамыту			
2		100	"Бақылау" ААІЖ	Есептеу техникасының жабдықтарын, автоматталған жұмыс орнын, ұтқыр терминалдар, сканерлер, маршрутизаторлар, бағдарламалық қамтамасыз ету, бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу бойынша қызметтерді, оқыту бойынша қызметтерді, сондай-ақ ұйымдастыру, икемдеу, құру бойынша қызметтерді, бағдарламалық қамтамасыз ету және жабдықтауды тіркеуді сатып алу.	2008 жылдың наурыз-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Тура нәтиже: Қазақстан Республикасының облыс орталықтары қатарында "Бақылау" ақпараттық-іздістіру жүйесін сатып алу.

Соңғы нәтиже: Жолда болған әкімшілік құқық бұзушылыққа бақылаудың артуы, сондай-ақ бұзушыларға қатысты қабылданған шаралардың орындалуы, өңірлік деңгейде ақпараттың жедел берілуі және талдаудың артуы.

Қаржы-экономикалық нәтиже: Әкімшілік айыппұлдың артуы есебінен Қазақстан

Республикасының бюджеті ақшалай түсімнен 5-10% көбеюі жоспарланып отыр.

Уақтылығы: тиісті шарттардың мерзімдеріне сәйкес тауарлар мен қызмет көрсетулерді жеткізу.

Сапасы: құқық қорғау органдары қызметінде жүйені енгізу ақпараттық технологияны одан әрі біршама кең пайдалануға қол жеткізеді.

Қызметтік қолдану үшін

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2007 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1224 қаулысына

19-ҚОСЫМША

РҚАО-ның ескертуі. "Қызметтік қолдану үшін" белгісімен Қаулы Деректер базасына енгізілмейді.

Ескерту. 19-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2007 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1224 қаулысына

20-ҚОСЫМША

201 - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Мәліметтер берудің спутниктік желісі мен

телефонияны жаңғырту және дамыту"

деген 008 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны:** 253982 мың теңге (екі жүз елу үш миллион тоғыз жүз сексен екі мың теңге)

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12 N 581д Қаулысымен.

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі, "Құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2005-2008 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1355 қаулысы; "Қазақстан Республикасының телекоммуникация саласын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 маусымдағы N 519 қаулысы.

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің

қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: "KAZSAT" спутнигін пайдалана отырып, мәліметтерді берудің және телефонияның қазіргі заманғы, бас тарта алатын, бір орталықтан басқарылатын жүйесін құру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ішкі істер органдарының бөлімшелерін мәліметтерді берудің және телефонияның мультисервисті жүйесін құру үшін қазіргі заманға сай спутниктік байланыс желілеріне қосу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	008		Мәліметтер берудің спутниктік желісі мен телефонияны жаңғырту және дамыту	Қосу желісі үшін спутниктік станция, жабдықтар сатып алу, сондай-ақ монтаж бойынша қызметтер және пайдалануға енгізу.	2008 жылдың наурыз-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тура нәтиже: Спутниктік станцияларды сатып алу және құру.

Соңғы нәтиже: ішкі істер органдарының 55 бөлімшесінің мәліметтерді беру және телефонияның мультисервисті жүйесін құру үшін қазіргі заманға сай спутниктік байланыс желілеріне қосу, спутниктік байланыстың сапасын жақсарту және Ішкі істер министрлігінің бөлімшелерінің жедел басқару деңгейін арттыру.

Уақтылығы: тиісінше шарттардың мерзімдеріне сәйкес тауарлар мен қызмет көрсетулерді жеткізу.

Сапасы: бекітілген техникалық тапсырысқа сәйкес.

Қызметтік қолдану үшін

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2007 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1224 қаулысына

21-ҚОСЫМША

РҚАО-ның ескертуі. "Қызметтік қолдану үшін" белгісімен Қаулы Деректер базасына енгізілмейді.

Ескерту. 21-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.15 N 342 , 2008.11.12. N 581д Қаулыларымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 7 ж ы л ғ ы 1 2 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 1 2 2 4 қ а у л ы с ы н а

22-ҚОСЫМША

201 - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2 0 0 8 ж ы л ғ а а р н а л ғ а н

"Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау"
деген 011 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны:** 130969 мың теңге (бір жүз отыз миллион тоғыз жүз алпыс тоғыз мың теңге)

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері туралы" Қазақстан Республикасы 1992 жылғы 23 маусымдағы Заңының 19-бабы ; "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасы 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңының 5-1-бабы ; "Білім туралы" Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметіне алғаш рет түскен адамдары мен қызметкерлерін кәсіби даярлау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 16 мамырдағы N 847 қаулысы ; "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ішкі істер органдары (полиция) мен ішкі әскерлері үшін кадрлар даярлау туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 қарашадағы N 1128 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ішкі әскерлерінің әскери қызметшілерін Ресей Федерациясының әскери оқу орындарында оқытуға және ұстауға арналған Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ресей Федерациясының қорғаныс министрлігімен 2003 жылғы 6 маусымдағы N 335/5/14 келісім-шарты.

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** ішкі істер органдары қызметкерлерінің біліктіліктерін арттыруды және қайта даярлауды қамтамасыз ету.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** ішкі істер органдары қызметкерлері мен ішкі әскерлердің әскери қызметшілерінің теориялық білімдері мен практикалық біліктіліктерінің деңгейін максималды түрде көтеру; Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарына қызметке үміткерлерді алғашқы дайындықтан өткізу.

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

N p/c	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	001		Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің училищесін 94 бірлік штаттық сан шегінде ұстау. Қызметкерлерді білім деңгейін барынша көтеру үшін және ішкі істер органдарының қызметіне алғаш рет түсетін үміткерлерді алғашқы арнайы оқыту үшін, арнайы жарақтар мен материалдар, автокөліктер сатып алу. Ресей Федерациясының оқу орындарында біліктілікті арттыру, елден тыс шет елдерге іссапарлар және қызметтік іссапарлар.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің училищесі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлер комитеті

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Тікелей нәтиже: біліктілік арттыру курстарынан өткен қызметкерлер саны - 450 бірлік; қайта даярлау курстарынан өткендер саны - 50 бірлік; ішкі істер органдары қызметіне үміткерлердің алғашқы арнайы оқуынан өткендер саны - 600 бірлік; Ресей Федерациясының және алыс шетелдердің оқу орындарында және орталықтарында курстарын өткен ішкі істер органдары қызметіне үміткерлер саны 55 бірліктен артық емес; Ресей Федерациясының оқу орындарында біліктілік арттыру курстарынан өткен әскери қызметшілер саны - 62 бірлік; арнайы жарақтарды, автокөліктерді сатып алу.

Түпкі нәтиже: ішкі істер органдарын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің училищесінде біліктілік арттыру, қайта даярлау және алғашқы арнайы оқу курстарын өткен қызметкерлермен қамтамасыз ету - 1,8 пайызға; ішкі істер органдарын Ресей Федерациясының және алыс шетелдердің оқу орындарында біліктілік арттыру курстарынан өткен қызметкерлермен қамтамасыз ету - 0,3 пайызға; ішкі істер органдарын Ресей Федерациясының және алыс шетелдердің оқу

21 желтоқсандағы Заңының 5-1-бабы ; "Білім туралы" Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы; "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ішкі әскерлерінің Жоғары әскери училищесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 18 наурыздағы N 349 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Академиясы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 маусымдағы N 675 қаулысы ; "Құқық қорғау органдары үшін кадрлар даярлауды, құқық қорғау органдарының қызметін және үкіметтік байланыс әскерлері әскери қызметшілерін әлеуметтік қорғауды қаржыландыруға байланысты жекелеген мәселелер" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 қыркүйектегі N 1427 қаулысы ; "Тәуелсіз Мемлекеттік Достастығына қатысушы мемлекеттердің ішкі істер органдары (полиция) мен ішкі әскерлері үшін кадр даярлау туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 қарашадағы N 1128 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ішкі әскерлерінің әскери қызметшілерін Ресей Федерациясының әскери оқу орындарында оқытуға және ұстауға арналған Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігімен 2003 жылғы 6 маусымдағы келісім-шарты; Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігінің Волгоград академиясымен Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкерлерін даярлау жөніндегі 2005 жылғы 8 қыркүйектегі N 270 келісім-шарты; Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігінің Омбы академиясымен Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкерлерін даярлау жөніндегі 2005 жылғы 1 қазандағы N 255 келісім-шарты; Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігінің Мәскеу университетімен Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкерлерін даярлау жөніндегі 2005 жылғы 4 қазандағы N 191 келісім-шарты; Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ресей Федерациясы Омбы академиясымен Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкерлерін даярлау туралы 2007 жылғы 18 ақпандағы N 124 Келісім-шарты; Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігінің Волгоград академиясымен Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қызметкерлерін даярлау туралы 2007 жылғы 14 наурыздағы N 263 және N 264 келісім-шарттары; Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігінің Басқару академиясымен Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қызметкерлерін даярлау туралы 2007 жылғы 18 сәуірдегі N 474 және N 475 келісім-шарттары; Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлер комитетінің Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлер Новосібір әскери институтымен 2006 жылғы 24 мамырдағы N 156 келісім-шарттары.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің

қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : ішкі істер органдарының жүйесі үшін жоғары кәсіптік білімі бар мамандармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : сапалы жоғары кәсіби білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	012		Жоғары кәсіптік білімі бар мамандар даярлау	Қазақстан Республикасы ІІМ жоғары оқу орындарын ұстаудың штаттық санының шегі 1828 бірлік, сандық лимит кезінде 1881 бірлік, оның ішінде: Академияда - 789 бірлік; Қарағанды заң институтында - 501 бірлік; Ішкі әскерлердің жоғары әскери училищесін - 591 бірлік шегінде ұстау. Сапалы жоғары кәсіби білім алуға жағдайлар жасау үшін және ішкі істер органдарының қызметіне түсетін үміткерлерді алғашқы даярлаудан өткізу үшін арнайы құрылғылар, автокөліктерді сатып алу. Ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін Ресей Федерациясының әскери-оқу орындарында оқыту, Ресей Федерациясының оқу орындарында ішкі істер органдарының қызметкерлерін оқыту, стипендия және сақтандыру.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлер комитеті, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ішкі әскерлерінің Жоғары әскери училищесі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Академиясы, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Бәрімбаек

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже: күндізгі оқу бөлімінде оқитындар саны - 2865 бірлік; сырттай оқу бөлімінде оқитындар саны - 400 бірлік; алғашқы арнайы оқу оқитындар саны - 300 бірлік; Ресей Федерациясының ПМ оқу орындарында оқитын қызметкерлер саны - 176 бірлік; Ресей Федерациясының әскери-оқу орындарында оқитын әскери қызметшілердің саны - 55 бірліктер; күндізгі оқу бөлімі бойынша курсанттарды шығару - 677 бірлік, оның ішінде үздік - 60 бірлік; Курсанттарды сырттай оқудан бітіргендер - 382 бірлік, оның ішінде үздік - 15 бірлік; арнайы құрылғылар және автокөліктерді сатып алу.

Түпкі нәтиже: Ішкі істер органдарын жоғары кәсіби білімі бар мамандармен қамтамасыз ету - 36,1 пайызға; ішкі әскерлерді жоғары кәсіби білімі бар мамандармен қамтамасыз ету - 19,0 пайыз; жаңа үлгідегі киім-кешекпен қамтамасыз ету - жалпы қажеттіліктен 89,0 пайызға; арнайы жарақпен және материалдармен қамтамасыз ету - жалпы қажеттіліктен - 75,3 пайызға; активтермен қамтамасыз ету - жалпы қажеттіліктен - 65,1 пайызға.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: Жылына бір оқушыға кететін шығын - 701,7 мың теңге; Ресей Федерациясының ПМ оқу орындарында оқитын 1 қызметкерге кететін шығын - 1025,7 мың теңге; Ресей Федерациясының оқу орындарында оқитын 1 әскери қызметшіге кететін шығын - 129,8 мың теңге; жылына бір қызметкерге кететін шығын - 1 7 5 1 , 1 м ы ң т е ң г е .

Уақтылығы: қабылдау жоспарына сәйкес күндізгі және сырттай оқу бөлімі бойынша ішкі істер органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерін өз у а қ ы т ы н д а о қ ы т у .

Сапасы: жалпы оқитындар санынан оқудан шығарылғандардың үлесі - 1,5 пайызға; жалпы оқитындар санынан жоғары оқу орнын үздік бітірген, жоғары кәсіби білімі бар түлектердің үлесі - 8,9 пайызға.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.

Қызметтік қолдану үшін

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2007 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1 2 2 4 қ а у л ы с ы н а

24-ҚОСЫМША

РҚАО-ның ескертуі. "Қызметтік қолдану үшін" белгісімен Қаулы Деректер базасына енгізілмейді.

Ескерту. 24-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына

25-ҚОСЫМША

201 - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Әскери қызметшілерді, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін емдеу"

деген 014 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 1385961 мың теңге (бір миллиард үш жүз сексен бес миллион тоғыз жүз алпыс бір мың теңге) .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңының 32-бабы ; "Өрт қауіпсіздігі туралы" 1996 жылғы 22 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы ; "Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 18 наурыздағы Заңының 29-5-бабы ; "Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 шілдедегі Заңының 22-бабы ; "Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарында қызмет ету туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 қыркүйектегі N 1642 Жарлығының 128-бөлімі ; "Әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлеріне және олардың бірге тұрып жатқан жанұя құрамына, сонымен қатар әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесінің зейнеткерлеріне ішкі істер органдарының мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде сәйкестендірілген медициналық қызмет көрсету Ережелерін бекіту туралы" Үкіметтің 2005 жылғы 27 қыркүйектегі N 957 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : уақтылы және білікті медициналық қызмет көрсету жолымен ішкі істер органдары қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін атқаруын жақсарту, әскери қызметшілеріне, құқық қорғау органдары қызметкерлері мен зейнеткерлеріне медициналық куәландыру жүргізу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : науқастану деңгейін төмендету, сондай-ақ

			жалпы хирургиялық, диагностикалық, физиотерапевтік аппараттар, медициналық зертханаға арналған жабдықтар, стоматологияға арналған жабдықтар, рентгенодиагностикаға арналған аппараттар, медициналық құрал-сайман және емдеу, диагностикалық, зертханалық зерттеулер жүргізу құралдарын сатып алу. Автокөліктерді сатып алу. Әскери қызметшілерге, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері мен ішкі әскер органдарының және ішкі әскерлер зейнеткерлеріне стационарлық медициналық қызмет көрсету.	мен емханалары
--	--	--	---	----------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже: әскери қызметшілердің, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, кәсіби байқаудан өтетіндер саны - 73 447 адам; амбулаторлық қабылдауда болған және өткен адамдар саны - 1 444 908 науқас; стационарда емделген жағдайлар саны - 13 594 науқас; куәландырылғандардың саны - жылына 47 000 қызметкер; мемлекеттік тапсырыс шеңберінде медициналық қызметтер ұсыну - 28 200 кереует-күніне; медициналық құрал-жабдықтар сатып алу.

Түпкі нәтиже: әскери қызметшілер, құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің, олардың отбасы мүшелері мен зейнеткерлерінің арасындағы науқас ауру пайызын төмендету 2-5 пайызға медициналық мекемелердің медициналық жарақтармен қамтамасыз етілу деңгейі жалпы қажеттіліктен 68 пайызға.

Қаржылық-экономикалық тиімділік: науқастың ауруханада болуының орташа ұзақтығы - 12 кереуеттің жылдық орташа толық болуы - 289 күн, бір науқасты емдеуге кететін орташа шығындар, кереует-күн - 2,0 мың теңге, емханаға бір рет баруға кететін орташа шығындар - 187 теңге; бір кереует-күннің орташа құны (мемлекеттік тапсырыс) - 2,8 мың теңге; бір медициналық қызметкерге жұмсалатын жылдық орташа шығындар - 6 743 мың теңге.

Уақтылығы: дер кезінде білікті медициналық көмек көрсету, жабдықтар жеткізу кестесіне сәйкес медициналық жабдықтар жеткізу.

Сапасы: әскери қызметшілерді, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін алдын

			<p>Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау</p>	<p>Заң колледждерін 454 бірлік штаттық сан шегінде ұстау, сандық лимит кезінде 504 бірлік, оның ішінде: Ақтөбе заң колледжі - 130 бірлік, Семей заң колледжі - 160 бірлік, Шымкент заң колледжі - 214 бірлік. Сапалы орта кәсіптік білім алуға жағдайлар жасау үшін арнайы жарақтар және материалдар, мини типографиялар, ас-үй, медициналық жабдықтарды сатып алу, компьютерлік техникаға қызмет көрсету және жөндеу.</p>	<p>Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ақтөбе заң колледжі; Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің Алматы заң колледжі; Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Семей заң колледжі; Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Б.Момышұлы атындағы Шымкент заң колледжі.</p>
--	--	--	--	--	---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Тікелей нәтиже: күндізгі оқу бөлімінде оқитындар саны - 830 бірлік; алғашқы арнайы оқу курстарында оқитындар саны - 115 бірлік; күндізгі оқу бөлімі бойынша курсанттарды шығару - 433 бірлік, оның ішінде үздік - 31 бірлік; арнайы жарақтар және материалдар, автокөлік, ас үй және медициналық жабдықтарын, ұйымдастыру техникасын, байланыс құралдарын с а т ы п а л у .

Түпкі нәтиже: ішкі істер органдарын орта кәсіптік білімді мамандармен қамтамасыз ету - 25 пайызға; жаңа үлгідегі киім-кешекпен қамтамасыз ету - жалпы қажеттіліктен 80 пайызға; арнайы жабдықтар мен материалдармен қамтамасыз ету - жалпы қажеттіліктен 85,6 пайызға; активтермен қамтамасыз ету - жалпы қажеттіліктен 89,3 п а й ы з ғ а .

Қаржы-экономикалық нәтиже: жылына бір оқушыға кететін шығын - 645,1 мың теңге; жылына бір қызметкерге кететін шығын - 835,6 мың теңге.

Уақтылығы: қабылдау жоспарына сәйкес күндізгі оқу орындарына қабылданған тыңдаушыларды өз уақытында оқыту; қабылдау жоспарына сәйкес алғашқы арнайы оқу курстарында ішкі істер органдары қызметіне үміткерлерді өз уақытында оқыту.

Сапасы: жалпы оқитындар санынан оқудан шығарылғандардың үлесі - 3,1 пайызға; жалпы оқитындар санынан орта оқу орнын үздік бітірген, орта кәсіби білімі бар түлектердің үлесі - 7,2 пайызға.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7 жылғы 1 2 желтоқсандағы

№ 1 2 2 4 қ а у л ы с ы н а

27-ҚОСЫМША

201 - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2 0 0 8 жылға арналған

"Жүргізуші куәліктерін, көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін қажет құжаттарды және нөмір белгілерін дайындау" деген 016 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 4426023 мың теңге (төрт миллиард төрт жүз жиырма алты миллион жиырма үш мың теңге) .

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 2-4-баптары ; "Жол қозғалысының қауіпсіздігі туралы" 1996 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-19-баптары .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : жол қозғалысына қатысуда азаматтарға және көлік құралдарына рұқсат беруді қамтамасыз ету.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жол-көлік қозғалысының ережесін бұзуға жол берілген кезде оларды максималды түрде анықтау мақсатында автокөліктер құралдары мен көлік құралдарының иелерін есепке алу; азаматтарды тіркеу құжаттарымен, көлік құралдарына мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерімен және жүргізуші куәліктерімен максималды түрде қамтамасыз ету (бұдан әрі - ККТК, МТНБ ж ә н е Ж К) .

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

№р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	
------	-----------------	----------------------	---------------------	--	--------------------	--

бағдар-
ламаның)
атауы

Жауапты

1	2	3	4	5	6	7
1	016		Жүргізуші куәліктерін, көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін қажет құжаттарды және нөмір белгілерін дайындау	Жүргізуші куәліктерін, көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін қажетті құжаттарды және нөмір дайындау бойынша шарттары міндеттемелерін орындау.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, облыстардағы, Алматы және Астана қалаларындағы Ішкі істер департаменттері, арнайы полиция бөлімшелері

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тура нәтиже: мемлекеттік тіркеу нөмір белгілерінің жиынтықтар саны - 800 000 кем емес; көлік құралдарын тіркеу туралы куәлік бірлігінің саны - 750 000 кем емес; бірліктерінің саны - 480 000 кем емес; транзиттік нөмірлер белгісінің жиынтық саны - 5 000 кем емес.

Түпкі нәтиже: автокөлік құралдарының иелерін арнайы өніммен қамтамасыз ету проценті .

Қаржы-экономикалық нәтиже: мемлекеттік тіркеу нөмір белгілерінің бір жиынтығын дайындауға жұмсалатын шығындар - 2399,5 теңге; көлік құралдарын тіркеу туралы куәлік бірлігін дайындауға жұмсалатын шығын - 1071,1 теңге; мемлекеттік транзиттік тіркеу нөмірлер белгісінің бір бірлігін дайындауға кететін шығын - 294,8 теңге; 1 бірлік жүргізуші куәліктерін дайындауға кететін шығын - 1275,8 т е ң г е .

Уақытылығы: белгіленген нормаға сәйкес автокөліктер иелерін арнайы өніммен қ а м т а м а с ы з е т у .

Сапасы: жүргізуші куәлігін, мемлекеттік тіркеу нөмір белгісін және көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктерін алу кезінде азаматтарға жасалатын қызмет.

Қызметтік қолдану үшін

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2007 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1224 қаулысына

28-ҚОСЫМША

РҚАО-ның ескертуі. "Қызметтік қолдану үшін" белгісімен Қаулы Деректер базасына енгізілмейді.

Ескерту. 28-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.12. N 581д

Қаулыларымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1 2 2 4 қаулысына

29-ҚОСЫМША

201 - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2 0 0 8 жылға арналған

"Денсаулық сақтау объектілерін дамыту"

деген 021 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1 . Құны: 53500 мың теңге (елу үш миллион бес жүз мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2008.06.13 N 581 Қаулысымен.*

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:» "Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2005-2008 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1355 қаулысы .

3 . Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: ішкі істер органдары мен ішкі әскерлердің қызметкерлеріне және әскери қызметшілеріне, ішкі істер органдары мен ішкі әскерлердің қызметкерлеріне және әскери қызметшілеріне медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін тиісті жағдайлар жасау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: мамандандырылған медициналық көмек және қажетті емдеу-диагностикалық қызметтер көрсету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	021		Денсаулық сақтау	Белгіленген тәртіппен бекітілген "2008 жылға	Наурыз-желтоқсан	Қазақстан Республикасы

201 - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2 0 0 8 жы л ғ а а р н а л ғ а н

"Заңсыз сақталған қаруды, оқ-дәрілерді және жарылғыш заттарды ерікті түрде өтемді тапсыруды ынталандыру" деген 025 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны:** 165556 мың теңге (бір жүз алпыс бес миллион бес жүз елу алты мың теңге)

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:**» "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Заңы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** оқ дәрімен атылатын қарудың жасырын айналымына қарсы әрекеттің жаңа тетігін енгізу, осы саладағы құқық бұзушылықтың а л д ы н а л у .

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** оқ дәрімен атылатын ақаулық қаруды пайдалануға шектеу шараларын белгілеу, оқ дәрімен атылатын қарудың жасырын айналымына қарсы әрекеттің жаңа тетігін енгізу, құқық бұзушылықтың алдын алу. Заңсыз сақталған оқ дәрімен атылатын қаруды, оқ-дәрілер және жарылғыш заттарды өз еркімен тапсыру кезінде азаматтарды материалдық ынталандыру жолымен оқ дәрімен атылатын қаруды, оқ-дәрілер және жарылғыш заттарды жасырын айналымнан тегін алу ж ө н і н д е жұ м ы с т а р ұ й ы м д а с т ы р у .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N р/с	Бағ-дар-лама коды	Кіші бағ-дар-лама коды	Бағдарлама-ның (кіші бағдарлама-ның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	025		Заңсыз сақталған қаруды, оқ-дәрілерді және жарылғыш заттарды ерікті түрде өтемді тапсыруды ынталандыру	Заңсыз сақталған оқ дәрімен атылатын қаруды, оқ-дәрілер және жарылғыш заттарды өз еркімен тапсырған азаматтарға төлемдер.	Ж ы л бойы	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, облыстардағы, Алматы және

7 . Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Тура нәтиже: оқ дәрімен атылатын қаруды, оқ-дәрілер және жарылғыш заттарды жасырын айналымнан шығарылған саны .

Соңғы нәтиже: Заңсыз сақталған оқ дәрімен атылатын қаруды, оқ-дәрілер және жарылғыш заттарды өз еркімен тапсырған жеке тұлғаларға ақшалай өтемақы төлеу.

Қаржы-экономикалық нәтиже: белгіленген төлем нормасы: АЕК 40 дейін-иір ойықты қысқа оқпан, АЕК 100-ге дейін автоматталған иір ойықты ұзын оқпан (автоматтар), АЕК 50-ге дейін-иір ойықты ұзын оқпан, АЕК 30-ға дейін-жайлы оқпан, АЕК 15-ге дейін-иір қолдан жасалған атыс қаруы немесе шолақ мылтық, АЕК 10-ға дейін газдық, травматикалық, АЕК 7-ге дейін гранаталар, миналар, жарылғыш құралдар және артиллериялық снарядтар, АЕК 6-ға дейін-жарылғыш заттар мен материалдар, АЕК 1/24-ке дейін иір ойықты қаруға оқ-дәрілер.

Уақтылығы: оқ дәрімен атылатын қаруды, оқ-дәрілер және жарылғыш заттарды тапсырғаны туралы азаматтың арызын уақтылы қарау.

Сапасы: оқ дәрімен атылатын қаруды жасырын айналымына қарсы әрекет және құқық бұзушылықтың алдын алу.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2007 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1224 қаулысына

31-ҚОСЫМША

201 - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес"

деген 104 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 184036 мың теңге (бір жүз сексен төрт миллион отыз алты мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасы 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңы ; "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2006-2014 жылдарға арналған

стратегиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы N 1678 қаулысы; "Қазақстан Республикасының нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 240 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4 . Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: есірткілерді пайдаланудың өсуін тоқтату үшін және заңсыз айналымын тоқтатуға жағдайлар жасау, қоғам үшін есірткінің таралу деңгейін минималды қауіпсіздік шектеу, Қазақстан Республикасы нашақорлыққа және есірткі бизнесінің одан әрі таралуына қарсы мемлекеттік және қоғамдық іс-қимыл жүйесінің толық ауқымды тиімділігін қалыптастыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасында есірткіге қарсы қызмет субъектілерінің арақатынасын одан әрі дамыту; есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимылдар тетігін нығайту, есірткіге қарсы насихатты жетілдіру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N p/c	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	104		Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес	Есірткі бизнесіне қарсы насихатты нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес проблемаларына арналған журналдар шығару, акцияның сценарийін әзірлеу және ұйымдастыру, конкурстар мен жарыстар өткізу, есірткі қылмысына қарсы күрестің өзекті проблемалары бойынша кофе-брейктер ұйымдастырумен, іссапар шығыстарын, іс-шараларға қатысушылардың жол және тұру шығындарын төлеу дөңгелек үстел мен семинарлар өткізу, кеңсе және өзге де тауарларды, кәдесыйлар мен ескерткіш	Жыл бойы	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау

			<p>сыйлықтарды сатып алу, мақтау қағаздарын шығару, баспаханалық, жарнамалық өнімдер дайындау, сыртқы жарнама шығару, бейнероликтер, телебағдарламалар, бейнефильмдер, деректі фильмдер шығару және оларды жариялау. Іс-шараны өткізу барысында автокөліктерді жалдау.</p> <p>Кинологиялық қызметтерді материалдық-техникалық жабдықтау, оның ішінде қызметтік іздестіру иттері үшін жабдықтарды есірткі заттарының имитаторларын кинологтар үшін иттерді үйрету киімдерін сатып алу, қызметтік иттер үшін үйшіктерді дайындау. Есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі аумақтық арнайы бөлімшелерді материалдық-техникалық нығайту, оның ішінде: фото-видео фиксация үшін кешендерді, радиостансаларды, объектілердің тұрған жерін бақылау аппаратураларын, портативтік рентгендік флюороскоптарын, техникалық эндоскоптарын, акустикалық ақпараттардың құралдарын және басқа да тауарларды сатып алу.</p>	жөніндегі комитет
--	--	--	---	-------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Тікелей нәтиже: нашақорлықпен күрес Халықаралық күніне арналған акциялар жүргізу; 37400 дана журналдар шығару; спорттық - қауымдық 2 іс-шара өткізу; 2 семинар, 1 дөңгелек үстел өткізу; 10 телебағдарлама шығару және жариялау; 4 деректі фильмдер, 6 қысқаметражды бейнефильмдер, есірткі қарсы тақырыпта 4 бейнероликтер дайындау. Кинологиялық қызметті және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі аумақтық

арнайы бөлімшелерді материалды-техникалық жабдықтау.

Түпкі нәтиже: елдегі есірткі жағдайын тұрақтандыру; заңсыз есірткі, психотропты заттар және прекурсорлардың айналымына қарсы тұру, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының аумағына енгізілуін және басқа елдерге таралуының алдын-алу және жолын кесу; заңсыз есірткі айналымының деңгейін төмендету және олармен байланысты қылмысты нейтралдау. Қоғамның есірткіге қарсы иммунитетін қалыптастыру мақсатында есірткіге қарсы іс-шаралар жүргізу, есірткі құралдары, психотроптық заттарға және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы бағытталған жедел профилактикалық іс-шаралар және операциялар өткізу.

Уақыттылығы: халыққа уақтылы және профилактика жұмыстарын жүргізу; жедел іздестіру қызметін қолдану және ұйымдастыру әдісімен уақтылы және тұрақтылы ә р е к е т е т у .

Сапасы: есірткіні қолданатын адамдардың санын анықтау, олардың санын қысқарту , қылмыстардың және заңсыз есірткіні таратумен байланысты ұйымдасқан қылмыстық топтардың санын қысқарту. Қоғамның қауіпсіздік деңгейіне дейін есірткінің таралуын қысқарту және мемлекеттік бақылау.

Қызметтік қолдану үшін

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7 ж ы л ғ ы 1 2 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 1 2 2 4 қ а у л ы с ы н а

32-ҚОСЫМША

РҚАО-ның ескертуі. "Қызметтік қолдану үшін" белгісімен Қаулы Деректер базасына енгізілмейді.